



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201\_\_ жылғы “ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

2016 жылғы 30 қарашада  
жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі  
А. Мұхамедиұлына**

### **Депутаттық сауал**

#### **Құрметті Арыстанбек Мұхамедиұлы!**

Жуырда Алматы қаласындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің негізінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының көшпелі отырысы өткендігі өзіңізге мәлім. Сол жолыбіз, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаты, Ұлттық кітапхана мен Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамының жұмысымен де танысып, олардың көптен бері шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелері барлығынанықтадық.

Атап айтқанда, Ұлттық кітапхананың кітап сақтау қоймасына осы мәдениет ордасы пайдалануға берілген 1971 жылдан бері бірде-бір рет күрделі жөндеу жасалмаған. Соның салдарынан оның қазіргі жай-күйі өте мүшкіл. Әсіресе, кітап қоймасындағы пайдалану мерзімі бұдан 5 жыл бұрын өтіп кеткен электр-жарық беру қондырғыларының тозығы әбден жетіп, өрт қаупі туындап отырғандығы айрықша дабыл қағарлықтай. Онда тіпті өрт қауіпсіздігі қалқандары да жоқ болып шықты. Бұған қоса, ескірген желдеткіштер ғимараттағы тиісті температуралық жағдайды қамтамасыз ете алмауда.

Ұлттық кітапхана басшылығы өз шама-шарқынша қауіпсіздік шараларын қолдануға тырысып баққанымен, кітап сақтау қоймасында орын алып отырған төтенше жағдай қаупінің алдын алуға дәрменсіз. Сондықтан да кез келген уақытта электр қуатының тұйықталып, өрт шығып кету қаупі жойылмай отыр. Өйткені, ғимараттағы электр сымдары мен желілері одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылғандықтан, оларды шұғыл түрде ауыстыру қажет. Өрт шыға қалған жағдайда

еліміздің бас кітап сақтаушысы болып саналатын бірегей кітапханадағы ондаған жылдар бойы жинақталған аса бай рухани құндылықтардан – 6,7 миллион данадан астам басылымнан, соның ішінде 25 мыңнан астам сирек кітап пен қолжазбадан бірақ сәтте айрылып қалуымыз ықтимал. Мұндай төтенше жағдайға жол берілсе, ұлттық мәдениетімізге орны толмас нұқсан келері сөзсіз. Сондықтан да Ұлттық кітапхананың электр-жарық беру қондырғыларын жөндеу үшін тиісті жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес 95 094 мың теңге қаражат бөлу мәселесін кешіктірмей шешу қажет.

Ал Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында кейінгі жылдары жыл сайын небәрі 10-12 көркем фильмге қазақ тілінде дубляж жасалып жүр. Бұл – мүлдем жеткіліксіз. Өйткені, бір кезде «Қазақфильмде» жыл сайын 60-тан астам кинотуынды дубляждалатын еді. Киностудияның қазіргі материалдық-техникалық негізі мен шығармашылық ұжымының әлеуеті бұрынғыдан еш кем емес екендігін ескерсек, онда жыл сайын кемінде 60 көркем фильмді қазақ тілінде дубляждауға мүмкіндік барлығы күмәнсіз. Мұны киностудия басшылары мен мамандары дақуаттап отыр.

Қазіргі кезде елімізде ұлттық фильмдердің саны тым аздығын және оларды түсіруге бөлініп отырған қаржының да мардымсыздығын ескере отырып, осынау ойсырап тұрған олқылық орнын қазақ тіліне дубляждалатын көркем фильмдердің санын көбейту арқылы толтыру ұтымды болар еді. Өйткені, «Қазақфильм» киностудиясында әрбір көркем фильмді осызаманғы жоғары талаптарға сай дәрежеде қазақ тілінде дубляждауға орта есеппен 12 миллион теңгедей ғана қаржы жұмсалады.

Жоғарыда баяндалған жайлардың негізінде, Сізден, өзіңіз басқаратын министрліктің мүмкіндігіне қарай, Ұлттық кітапхананың кітап қоймасында туындап отырған өрт қаупінің алдын алу бойынша шұғыл шаралар қолдануыңызды, сондай-ақ, алдағы уақытта ұлттық киноөндірісімізді одан әрі дамыту мақсатында «Қазақфильм» киностудиясында қазақ тілінде дубляждалатын көркем фильмдер санын көбейту мәселесін қарастыруыңызды өтінеміз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-нші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**К. Мұсырман**

**Б. Мамраев**

**М. Айсина**

**Ә. Бектұрғанов**